



С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

- **Ортопедиялық стоматология пропедевтикасының модулі**

- **Тақырыбы: Ортопедиялық іс-әрекеттерге науқастарды психотерапиялық даярлау**

Қабылдаған: Алтынбеков К.Д.

Орындаған: Искенов Д.Н.

Тобы: Ст11-004-1к

Алматы 2015

Жоспар:

- 1) Психика
- 2) Психика түрлері
- 3) Темпераменттер
- 4) Холерик
- 5) Флегматик
- 6) Сангвиник
- 7) Меланхолик
- 8) Премедикация
- 9) Қорытынды
- 10) Қолданылған әдебиет

Психика -

1. Түйсіну, қабылдау, елестету, ойлау, сезім, ерік және т.б. түрінде шынайы өмірді бейнелеу түрінде көрсететін мидың қызметі; адамның өзіне тән сапалы тәлім-жосығын анықтайды; қоғамдық еңбек үдерісі мен тілдің дамуы арқасында пайда болуымен байланысты психиканың жоғары нысаны — адам санасы.
2. Адамның рухани жетілушілігі, оның рухани сапасы, көңіл-күй иірімдерінің жиынтығы.

Психика (гр. *psychikos* — ішкі сезім, көңіл-күй) жинақтайтын рухани бірлестігі. Психика биологиялық эволюцияның жемісі және жалғасы. Психика сыртқы құбылыстар мен заттардың көрінісін белсенді және озық түрде бейнелейді. Негізінде психика заттық ортаның дұрыс бейнесін және тіршілік иесінің өз ортасына бейімделетін бағдарын құрайды. Психиканың рефлекторлық сипаты оның объективті жағдайға тәуелділігін, қабылдау жүйесі құрамының қимыл атқару заңдылығын білдіреді. Психиканың рефлекторлық табиғатын алғаш И.М.Сеченов дәлелдеді. Адамның психикасы оның қимыл-әрекетін реттейтін және қоғамдық қатынасқа бейімдейтін жаңа құрылымның — сананың негізін құрайды. Осыдан адам психикасының дамуының жеке тұлғалық және әлеуметтік заңдылығы қалыптасады.

Психика —

- 1) объективті шындықты түйсік, қабылдау, елестету, сезім, ерік, ойлау арқылы белсенді бейнелейтін мидың жүйелі қасиеті;
- 2) адамның жан-дүниесінің сапалық күйі мен сипатын жинақтайтын рухани бірлестігі.

Көптеген науқастар ортопедиялық-стоматологиялық көмекке кеш келеді Оның негізгі себебі ертеректе қабылдаған стоматологиялық іс-әрекеттерден қалған жағымсыз әсерлер болып табылады Н Трезубовтың мәліметі бойынша науқастардың 91,2% ында осындай жағдай кездеседі

Соңғы жылдары ортопедиялық іс-әрекеттерге науқастарды психологиялық даярлау барысында "қиын науқас «термині қалыптасты

Қиын науқас-жылдар бойы бір клиникадан келесі клиникаға ауысып, дәрігерлерді де ауыстырып, жоғары технология мен жаңа әдістер қолданылса да емді соңына жеткізбей, емнен еш нәтиже алмайтын науқастар тобы Бұл топ науқастары шағым жазу мен арыз айтушылар көзі болып табылады

Науқастардың стоматологиялық емге кешігіп келу себебін әлеуметтік-тұрмыстық және психологиялық деп екі топқа бөледі
Әлеуметтік-тұрмыстық себепке уақыттың жетіспеушілігі, жұмысбастылық, үй шаруасы, балаға қарау, мүгедектік, қабылдау уақытының сәйкес келмеуі, стоматологиялық емге немқұрайлы қарау немесе екінші орынға ысырып тастау, ауыз қуысының гигиенасын дұрыс сақтамау жатады

Психологиялық себептеріне стоматологиялық іс-әрекет алдындағы қорқыныш, жан-жағындағы адамдардың пікірінен ыңғайсыздану, стоматолог алдында жағдайының нашарлауы, нәтижесіз ем, қорқыныш әсерінен стоматологпен дұрыс қарым қатынас жасай алмау жатады

Темперамент (лат. *temperamentum* - бөліктердің қажетті арасалмағы) адамның психикалық іс-әрекетінің динамикасын сипаттайтын тұрақы жеке ерекшеліктердің: психикалық процестер мен күйлер ағысы қарқындығының жылдамдығының ырғағының - жиынтығы. Темперамент дегеніміз психикалық процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және адам мінез-құлқын, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқталуы мен өзгерісін сипаттайтын қасиеттер жиынтығы.

Қазіргі кезеңде психология ғылымы белгілі жүйеде темперамент типтерінің бәріне толық психологиялық сипаттама беруге негіз боларлықтай деректер топтаған. Алайда, дәстүрлі қабылданған темпераменттің төрт (санвиник, холерик, флегматик, меланхолик) түрінің психологиялық сипатын түзу үшін көбіне төмендегі аталған негізгі темперамент қасиеттері қолдануда:

Сезімталдық (**сензитивность**)—адамның қандай да психикалық жауап әрекетінің (реакция) пайда болуына себепші сыртқы әсер күшінің ең төменгі деңгейі мен сол жауап-әрекеттің туындау шапшаңдығы.

Жауап-әрекетке келу (**реактивность**)—бірдей ықпалды сыртқы не ішкі әсерлерге болған ырықсыз жауап-әрекет дәрежесі.

Белсенділік (**активность**)—мақсатқа жетуде адамның қоршаған дүниеге ықпал жасау және кедергілерді жеңу үшін жұмсалған әрекет—қылығының қарқындылығы (табандылық, зейін қою, бағдар таңдау және т.б.).

Темпераменттер

- Холерик
- Флегматик
- Сангвиник
- Меланхолик

Флегматик



Меланхолик



Холерик



Сангвиник

Меланхолик

Меланхолик (грек. μέλαινα χολή — кара өт) — адамдарға тән төрт темпераменттің бірі. Меланхолик сәл нәрсеге сезімтал, тұйық, сөзге сараң, жайбасар адамға қатысты айтылады. Мұндай адам жүйке жүйесі әлсіз типке жатады. Өйткені оның қозу, тежелу жүйке процестері өте баяулығымен ерекшеленеді. Не нәрсе болса да ішінде сақтайды. Меланхоликтің де жағымды және жағымсыз жақтары болады. Егер де меланхолик — темпераментті адам дұрыс тәлім-тәрбие алмаса, ондай адам өзінен-өзі тұйықталып, жұрттан өзін оқшау ұстауы мүмкін. Адамда болатын темпераменттердің қай-қайсысы да жүйке жүйесінің туа біткен қасиеттерінен туындайтын, адамның тұқым қуалайтын, жеке дара қасиеті болып саналады.

Меланхолик, уайымшыл - (ағылш. *melancholic*; нем. *Melancholiker m*; гр. *melanos* - *черный* + *chole* — *желчь*) жабырқаңқы көңіл-күймен қамықтыратын ойларға бейім адам. Қозуы әлсіз (өз темпераменті бойынша), жан толғанысының терең және ұзақтығымен дараланатын адам.



Холерик

Холерик (*хале* — өт) — темпераменттің типі (Мінезді, қызу мінезді, жігерлі адам). Холериктің эмоцияға берілуі шапшаң. Сезім күйлері оқыс ауытқып, құмарта көтеріліп кететін шыдамсыз, күйгелек кісі. Әп-сәтте қызып кетіп, күйіп-піседі. Ашуланса, бұрқ етіп, қызу екпіні сарқылып барып басылады, бастан кешкен сезімі санасында терең із қалдырады, қимыл-қозғалысы шапшаң. Икемсіз оқыс қылықтарына қарамастан, қызулы, жігерлі, пысық және іс-әрекет атқаруға бейімді келеді. Жұмысқа құмарта беріліп, екпінмен істеуші, анық, әсерлі, мәнерлі сөйлейді. Сезім күйлері сөзінен, мимика, пантомимикасынан білініп тұрады. Холерик белсенді, батыл келеді, іске шапшаң кіріседі, бастаған іс-әрекетін аяқтап шығады, көп адам қатысқан ойындарға құмар. Өзі де ұйымдастырып, аяғына дейін белсене қатысады, шыдамсыз, күйгелек, лезде өкпелейді, әп-сәтте ашуланады және ашуын ұзақ сақтайды. Холерик темпераменті тез туатын күшті сезімдерімен, эмоциялық қозғыштарымен, шамданғыштығымен, жігерімен, үлкен қозғалғыштығымен, ұтымды қимылдарымен, бай мимикасымен сипатталады.

Сангвиник

Сангвиник (лат. *sanguinis* — қан) — оптимист адамды белгілеу үшін қолданылатын термин. Сангвиник типті адамның эмоциялық қозуы шапшаң, күшті болады, бірақ көп тұрақтамайды. Көңіл-күйі әп-сәтте өзгереді.

Сангвиник — әсершіл адам. Ұнатқан, сүйсінген нәрсесіне елігіп әуестенуі де оңай, жеңсігінің басылуы да жылдам. Төңірегіндегі оқиғаларға, нәрсенің мән-жайына елең етіп, көңілденіп, басқа әсерге ауысып кетуі де тез. Көңілі көтеріңкі келеді. Ұзақ уақыт мұңайып жүрмейді. Бастан кешкен сезім күйлері санасында елеулі із қалдырмайды. Шапшаң да икемді, қозғалғыш та қызу, еті тірі, сергек келеді. Сезім күйлерін сыртқы қимылдары әйгілеп тұрады.

Көтеріңкі, мәнерлі сөйлейді, мимика, қимылы көп. Ақжарқын, ашық келеді.

Мұндай адам басқалармен тез тіл табысады, бірақ қарым-қатынасқа онша мән бермейді. Қызықтырған іске бейімділігі, талабы, талпыну көп, бірақ оп-оңай басылып қалады. Бастаған ісіне тыңғылықты болмай, жұмысы аяқсыз қалады. Іске қатысуға әр уақыт дайын тұрады. Кейде бірнеше жұмысқа бірдей кіріседі. Басында көңілі көтеріңкі болып, іс үстінде лезде суыйды.


Флегматик

Флегматик (грек. φλέγμα, флегма, лимфа) Флегматик темпераменті сезімнің болымсыз білінуімен сипатталады; флегматикті өзі үшін байсалды кәдуілгі күйде шығарып әкету оңайға түспейді; ол жүріс-тұрысы мен сөзінде сылбыр, оның мимикасы онша айқын емес, қимылдары сараң. Флегматик эмоциялық қозуы әлсіз болады, қызуланып желікпейді, елеуреп ашуланбақды, көңіл-күйлері байсалды, орнықты қалпында ұзақ сақталады, баяу өзгереді, жарқырап қуануы да, жабырқап қайғыруы да қиын, аз қозғалады, сылбыр, керенау қимылдайды, сезім күйлерін, дене қимылдарын білдіріп тұрмайды, мимикасы, өзге қимылдары мәнерсіз. Бірсарынды монотонды сөйлейді. Кісімен араласып жақындасуда мардымсыз, іске ырғалып-жырғалып барып кіріседі. Іс-әрекетін байсалды, тиянақты орындайды, бастаған ісін қадағалап істейді, аяқтап шығады. Флегматик байсалды, баяу, орнықты болады. Кісіге үйірлігі аз, өзі ешкімге тиісіп, соқтығыспайды. Біреу жанжалға шақырса, есебін тауып жалтарып кетеді, тыныштықты жақсы көреді. Көңіл көтеретін сауыққа да әуес емес, бөтен кісіге міндет артып өкпелемейді.

Холерик



Флегматик



Меланхолик



Сангвиник



Флегматик



Меланхолик



Холерик



Сангвиник

Премедикация (лат. *prae* - алдын ала + лат. *medicatio* - емдеу) — ем жасар алдында, ауру адамның нерв жүйесін дәрі беріп (триоксазин, седуксен, амидопирин т. б.) тыныштандыратын, үрей, қорқыныш сезімдерден арылтатын амал.

Триоксазин. Стоматологиялық емдеу, операция алдында науқасты үрей, қорқыныштай арылтып әрі тыныштандыру үшін ауыртайтын дәрі-дормектердің жансыздандыру қасиетін арттыру мақсатында берілетін дәрі.

Премедикация үшін әр-түрлі дозада транквилизаторлар қолданылады олар:

- мепротан — 0,2 г
- элениум — 0,01 г
- диазепам — 0,005 г
- седуксен — 0,005 г
- фенозепам — 0,0005 г
- та-зепам — 0,01 г
- триоксазин — 0,3 г
- мебикар — 0,3 г



- **Қорытынды**
- Науқастың ортопедиялық іс-әрекеттерге ықыласпен келуі, дәрігер ортопед-стоматологпен , ортопедиялық іс-әрекеттер барысында жақсы қарым-қатынаста болып , сенуі, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруі, ортопедиялық іс-әрекеттердің оң нәтижесіне әкеледі

Қолданылған әдебиеттер

1. Стоматология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, Қазақстан, 1991.
2. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл.
3. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. — Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. - 384 бет
4. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған экономика ғылымдарының докторы, профессор Е. Арын — Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
5. Malimetter.kz Темперамент түрлері реферат

